КӨРНЕКІ АҚПАРАТ, МАҢДАЙШАЛАР ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕР: БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҚАҒИДАЛАР

Мәтінді орналастыру және тілдердің арақатынасы қағидлары

Орналастыру тәртібі: Мемлекеттік (қазақ) тілдегі мәтін әрқашан сол жақта немесе жоғарыда, ал орыс тіліндегі мәтін оң жақта немесе төменде орналасады.

Қаріп өлшемі: Екі тілдегі мәтіннің әріптері бірдей өлшемде болуы керек.

Тауар белгілері: мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшаларындағы тіркелген тауар белгілері мен брендтер бастапқы, өзгертілмеген нұсқасында көрсетіледі.

Деректемелердің тілі: Мемлекеттік ұйымдардың мөрлері мен бланкілері қазақ және орыс тілдерінде ресімделеді. Мемлекеттік емес ұйымдар мемлекеттік тілді пайдалануға міндетті. Қажет болған жағдайда орыс тілі мен басқа тілдер де қолданылады.

Маңдайшаларды, жарнаманы, бланкілерді, прейскуранттар мен баға көрсеткіштерін ресімдеу «ҚР тілдер туралы» ҚР Заңының 21 және 24-баптарымен реттеледі.



Бұл материал «Шығыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы» ММ тапсырысы аясында әзірленді

Сіз осы және басқа да ақпараттық және әдістемелік материалдарды QR кодын сканерлеу арқылы жүктей аласыз

@trintafond

trinta.kz@gmail.com

+7 747 424 8830

жеке меншік қоры ТРИНТА

«ШҚО ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ» ММ

Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты, онлайн контент және этносаралық қатынастар саласындағы

ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР

2026 ж.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ТІЛ ҚҰҚЫҚТАРЫ

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУДАН БАС ТАРТУ

Егер лауазымды адам тілді білмеуін уәж етіп, жеке және заңды тұлғалардың құжаттарын, өтініштерін қабылдаудан бас тартса, сондай-ақ оларды мәні бойынша қарамаса, мұндай әрекеттер ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 75-бабының 1 және 2 тармақтарында көзделген заңды бұзушылық болып табылады.

ТІЛДІ ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫН ШЕКТЕУ

Лауазымды адамдардың жеке тұлғалардың тіл таңдау құқығын шектеу, тілдік белгілері бойынша кемсіту әрекеттері ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 75-бабының 5 және 6-тармақтары бойынша квалификацияланады.

ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК?

Оқиға фактісін жазбаша жауап, бейнежазба немесе аудиожазба арқылы тіркеп, мемлекеттік органның басшылығына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне немесе прокуратура органдарына шағым беріңіз.

eOtinish арқылы өтініш жіберіңіз. Өтініш беру нысанына өту үшін QR-кодты сканерлеңіз.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ САНКЦИЯЛАР

Алғашқы құқық бұзушылық: ескерту немесе 10 АЕК көлемінде айыппұл

Бір жыл ішінде қайталанған құқық бұзушылық: 20 АЕК көлемінде айыппұл

Адамдар арасындағы араздықты қоздыру ниетінсіз туындаған келіспеушіліктер этномедиаторларды және Достық үйлерінің ресурстарын тарта отырып, медиация арқылы шешілуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

Егер дау ұлтына немесе тіліне негізделген көпшілік алдындағы қорлауға ұласса, ол ҚР Конституциясының 41-бабын бұзады және татуласу құқығынсыз ҚР Қылмыстық кодексінің 174-бабы бойынша квалификацияланады**.**

ТІЛДІК АРАНДАТУШЫЛЫҚ ПЕНАЛАУЫЗДЫҚ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Әлеуметтік, ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыруға, ұлттық ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлауға, сондай-ақ азаматтардың айрықшалығын не толыққанды еместігін насихаттауға бағытталған қасақана әрекеттер ҚР Қылмыстық кодексінің 174-бабы бойынша квалификацияланады.

БАҚ-та, телекоммуникация желілерінде және онлайн платформаларда материалдар дайындау немес тарату **2000-нан 7000 АЕК**-ке дейін айыппұл салуға немесе **2 жылдан 7 жылға дейін** шектеуге/бас бостандығынан айыруға жазаланады.

АУЫР ЖАҒДАЙЛАР

Егер әрекеттер адамдар тобымен, күш қолданумен, лауазымды тұлғамен, қоғамдық бірлестіктің жетекшісімен немесе шетелдік көздерден алынған қаражатты пайдалану арқылы жасалса, **5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру (3 жылға дейін лауазымды атқару құқығынан айыру)** жазасы қарастырылған.

АСА АУЫР ЖАҒДАЙЛАР

Қылмыстық топ жасаған немесе ауыр зардаптарға әкеп соққан әрекеттер **12 жылдан 20 жылға дейін** бас бостандығынан айырумен жазаланады.

Download on the App Store

Get it on Play Store

Құқық бұзушылық туралы eGov Mobile қосымшасы арқылы немесе 102 нөміріне қоңырау шалу арқылы хабарлай аласыз.



БАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

БАҚ-тағы экстремистік материалдар

ҚР аумақтық тұтастығына бұзуды, сепаратизмге шақыруға немесе жеккөрушілікті тудыруға бағытталған материалдарды жариялауға рұқсат беру **200 АЕК-ке дейін айыппұл салуға, түзеу жұмыстарына немесе 50 тәулікке дейін қамауға алуға** әкеп соғады (ҚР Қылмыстық кодексінің 183-бабы).

Интернеттегі заңсыз мазмұнға тыйым салу

Этносаралық келісімді бұзатын, сепаратизмге шақыратын немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін ақпаратты онлайн платформаларда таратуға тыйым салынады (ҚР «Онлайн платформалар туралы» Заңның 14-бабы).

Интерфейс және модерация талаптары

Платформа иелері «Онлайн платформалар туралы» Заңның 5-бабына сәйкес интерфейстер мен пайдаланушы келісімдерін қазақ тілінде, автоматты түрде аудару мүмкіндігін және контентті мемлекеттік тілде модерациялауды қамтамасыз етуге міндетті.

Дискриминациялық нысанаға алуға тыйым салу

«Онлайн платформалар туралы» Заңның 20-бабының 3-тармағына сәйкес пайдаланушының нәсіліне немесе ұлтына, саяси көзқарастарына немесе биометриясына негізделген жарнаманы профильдеуге және нысанаға алуға тыйым салынады.